

Еуразиялық экономикалық одақтың "Балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 042/2017) өтпелі ережелері туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 11 шілдедегі № 83 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабы 2-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу және күшін жою тәртібінің 38-тармағының бесінші абзацын ескере отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Мыналар:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың "Балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 042/2017) техникалық реттеу объектісі болып табылатын өнімдерге қатысты (бұдан әрі тиісінше – өнім, техникалық регламент) техникалық регламент күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына енетін актілермен немесе Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) заңнамасымен белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ 2020 жылғы 1 маусымнан кешіктірілмей жарамды;

Техникалық регламент күшіне енген күннен бастап өнімнің бұрын Одақ құқығына енетін актілермен немесе мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігін бағалау туралы құжаттарды беруге немесе қабылдауға жол берілмейді;

б) 2020 жылғы 1 маусымға дейін мүше мемлекеттердің аумақтарында техникалық регламент күшіне енген күнге дейін Одақ құқығына енетін актілермен немесе мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігін міндетті бағалауға жатпайтын өнімдерді өнімнің сәйкестігін міндетті бағалау туралы құжаттарсыз және ұлттық сәйкестік белгісімен (нарықтағы айналым белгісімен) таңбалаусыз өндіруге және айналымға шығаруға жол беріледі;

в) 2020 жылғы 1 маусымға дейін мүше мемлекеттердің аумақтарында бұрын Одақ құқығына енетін актілермен немесе мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген міндетті талаптарға сәйкес техникалық регламент күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған көрсетілген міндетті талаптарға сәйкестігін бағалау туралы құжаттар болған жағдайда өнімдерді өндіруге және айналымға шығаруға жол беріледі;

Өнім мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұлттық сәйкестік белгісімен (нарықтағы айналым белгісімен) таңбаланады. Мұндай өнімді Одақ нарығында өнімнің бірыңғай айналым белгісімен таңбалауға жол берілмейді;

г) осы тармақтың "б" және "в" тармақшаларында көрсетілген өнімнің айналымына осындай өнімнің пайдалану құжаттарымен белгіленген қызмет етуінің тағайындалған мерзімі ішінде жол беріледі. Осы өнімді тағайындалған қызмет ету мерзімі өткеннен кейін тағайындалуы бойынша пайдалануға жол берілмейді деп белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) В.Н. Корешков мүше мемлекеттермен бірлесе отырып техникалық регламент күшіне енген күнге дейін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының отырысында қарау үшін:

а) ерікті негізде қолдану нәтижесінде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) бойынша бағдарлама жобасын;

б) оларға қатысты кедендік декларация тапсыру техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі туралы құжаттарды ұсынумен ілесе жүргізілетін өнімдер тізбесінің жобасын дайындасын.

3. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Еуразиялық экономикалық одақтың "Балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 042/2017) техникалық регламентін қабылдау туралы шешімі күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян